

«8D02320 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның «Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Диссертацияда көтерілген тақырып цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты қоғамда кең таралған виртуалды коммуникация кеңістігінде қалыптасып жатқан жаңа тілдік құбылыстарды зерттеуге бағытталған. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік тіл саясаты бағдарламасымен тығыз байланысты. Онда қазақ тілін цифрлық кеңістікте дамыту, оны жаңа технологиялармен бейімдеу міндеттері қойылған. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбы өзекті әрі заманауи ғылым талаптарына толықтай сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақ тілінің интернет кеңістіктегі жаңа қолданыс үлгілерін анықтап, олардың прагматикалық, семантикалық, типологиялық сипаттарын жүйелі түрде сипаттауға

			негізделген. Бұл тілдік бірліктерді кодификациялау және лексикографиялау арқылы тілді жүйелеуге, стандарттауға бағытталған әрекет – қазіргі қазақ тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері тіл мәдениеті, тілдік қауіпсіздік, тіл нормалары сияқты маңызды мәселелермен тығыз байланысты.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Жұмыс автордың толықтай өз еңбегінің нәтижесі екені байқалады. 800-ден астам пост пен 90 000-ға жуық пікірлерден алынған нақты тілдік материалдар, оларды жүйелеу мен ғылыми негіздеу – диссертанттың ғылыми ізденісінің дәлелі. Автор тақырыпты терең меңгергенін, зерттеу объектісіне сыни және ғылыми тұрғыдан қарай алатындығын көрсетті.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспе, екі бөлім, қорытынды мен қосымшалардан тұрады. Әрбір тарауда зерттеу міндеттерімен тығыз байланысты теориялық негіздер мен практикалық талдаулар берілген. Барлық тараулар мен бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталған. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері нақты,
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

		мазмұны олармен толықтай сәйкестендірілген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Ия. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Тақырыпты ашатын негізгі аспектілер, яғни виртуалды коммуникация мазмұны және оның түрлері анықталған. Тілдік жаңартпалардың ерекшеліктері, олардың нормалануы, яғни жаңа сөздердің тіл нормасына енуі, нормативті грамматикаларда және сөздіктерде танылуы нақтыланған. Диссертацияда виртуалды коммуникациядағы тілдік өзгерістер нақты сипатталып, оларды кодификациялау (нормаға енгізу) және лексикографиялау (сөздікке енгізу) процестері жан-жақты зерттелген, сондықтан тақырып пен мазмұнның үйлесімі толық орындалған.
	1) айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Иә, «Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау» атты диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Виртуалды коммуникацияның тілге әсер ету тетіктерін талданған. Виртуалды кеңістіктегі жаңа лексикалық бірліктердің типологиясы
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	

		анықталған. Осы тілдік бірліктердің прагматикалық және семантикалық ерекшеліктерін сипатталған. Виртуалды сөздердің лексикографияда берілу тәсілдері қарастырылған. Қазіргі сөздіктер мен онлайн-ресурстарда виртуалды лексиканың берілу ерекшеліктері сарапталған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Ия. Жұмыстың әрбір бөлігі өзара логикалық сабақтастықта жазылған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының мазмұнынан хабар беретін анықтама ұсынылған. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған шешімдер жаңа. Біріншіден, Автор интернет-коммуникацияда пайда болған тілдік бірліктерді (неологизм, англицизм, интернет-сленг, графемдік бірліктер, эмодзи т.б.) қазақ тіліне бейімделу деңгейіне немесе қызметтік-коммуникативтік белгілеріне қарай жаңа типологиялық модель ұсынған.
	1) сыни талдау бар;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

			<p>Екіншіден, автор виртуалды лексиканың кодификациялану үдерісін дәстүрлі нормамен қатар тіршілік ету моделінде қарастырады, яғни – параллель тілдік қабат ретінде тануды ұсынған. Яғни Жжңа сөздер нормаға бірден емес, қолданыс жиілігі, тұрақтылығы, контекстік бейімділігі арқылы енгізілуі тиіс (мыс., «селфи», «сторилау» сияқты сөздер – кең тараған соң ресми нормаларда көрініс тапты). Үшіншіден, виртуалды лексиканы сипаттауға арналған мультимодальды лексикография үлгісін ұсынған яғни, сөзге анықтама ғана емес, қолданылу мысалдары, графикалық көрінісі, платформалық контекстері (Instagram, TikTok, WhatsApp) берілген. Төртіншіден, зерттеуде автор қазақ тілінің ішкі ресурстары арқылы жаңа сөз жасау механизмін (калька, бейімдеу, жартылай аударма, дыбыстық икемдеу) цифрлық кеңістікке икемдеу жолдарын ұсынған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы келесі мәселелерден көрініс табады:

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Виртуалды коммуникацияда қолданылатын тілдік жаңартпалардың типологиясы жасалған; Неолексема, гибрид, эמודзи, қысқарған сөздер және басқа да интернетке тән бірліктердің лингвистикалық табиғаты сипатталған; Жаңа қолданыстардың кодификациялану мүмкіндіктері қарастырылып, олардың сөздікке енгізілу шарттары ұсынылған; Жасанды интеллект арқылы кодификациялау жолдары мен лексикографиялау үдерісі талданған.</p>
		<p>5.2 ,</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер интернеттегі қазақтілді коммуникацияны тілдік тұрғыдан зерттеуге жүйелі бағыт ұсынады. Зерттеу барысында анықталған тілдік жаңартпалар тек сипатталып қана қоймай, олардың құрылымы, семантикасы, прагматикасы және қолданылу контексті бойынша жіктелген. Бұл нәтиже қазақ тіл білімінде интернет-дискурсқа тән тілдік бірліктердің толық лингвистикалық бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p>
		<p>1) толығымен жаңа;</p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	
		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Диссертациялық жұмыста техникалық және технологиялық шешімдер тіл біліміндегі дәстүрлі тәсілдерден тыс, цифрлық ресурстармен және жасанды интеллектпен байланыста қарастырылады. Автор лексикографиялық сүзгі ұғымын ұсынып, оны жасанды интеллект арқылы автоматтандыру мүмкіндігін ғылыми түрде дәлелдейді. Бұл — қазақ тіл білімінде алғаш ұсынылып отырған тың әдіс.</p> <p>Зерттеуде көрсетілгендей, интернеттегі қазақ тіліндегі посттар мен пікірлерді сүзгіден өткізу арқылы неологизмдерді тану, олардың қолданыс жиілігін анықтау, нормаланбаған бірліктерді сүзу жұмысы автоматтандырылған жүйе негізінде жүзеге асуы мүмкін. Автор ұсынған кодификация үлгісі мен өлшемшарттар жүйесі осындай IT жүйелерге енгізуге негіз бола алады.</p> <p>Бұл шешімдер виртуалды тіл кеңістігін лингвистикалық жағынан бақылау, сараптау, нормалау процестерін жүйелеуге мүмкіндік береді және тілдік мәліметтерді өңдеудің техникалық негіздерін қазақ тіліне бейімдеуге бағытталған</p>
		<p>1) толығымен жаңа;</p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	
		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

			алғашқы қадамдардың бірі болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу қорытындылары диссертацияның барлық бөлімдерінде теориялық және практикалық негізде дәйектеліп отырады. Әрбір тұжырым нақты мысалмен, контекспен, талдау нәтижесімен бекітілген. Мысалы, гибрид құрылымдардың типтері, олардың қолданылу жиілігі мен контекске сай мағыналық ерекшеліктері салыстырмалы және статистикалық әдістермен толық дәлелденген. Сондай-ақ, кодификациялау мен лексикографиялауға қатысты ұсыныстар тек теориялық сипатта қалмай, нақты үлгілермен және сүзу механизмдерімен көрсетілген. Бұл қорытындылардың тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, қолданбалы және практикалық деңгейде де негізді екенін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	Диссертациялық зерттеу барысында автор ұсынған негізгі ғылыми тұжырымдар виртуалды кеңістіктегі қазақтілді коммуникацияның лингвистикалық ерекшеліктерін анықтауға және оларды жүйелеуге бағытталған. Қорғауға шығарылған тұжырымдар мыналарды қамтиды:

		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия ; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия ; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Қазақ тілді интернет кеңістігінде қолданылатын жаңа тілдік бірліктердің құрылымдық, семантикалық және прагматикалық сипаттарын айқындау; Бейресми коммуникацияда белсенді қолданылатын тілдік құралдардың кодификациялану мүмкіндігін негіздеу; Лингвистикалық сүзгі негізінде тілдік жаңартпаларды сұрыптау және оларды лексикографиялық тіркеу жолдарын ұсыну; Цифрлық мәтіндерде жиі кездесетін норма ауытқуларын анықтау және олардың стандартты нормаға сәйкестік өлшемдерін белгілеу. Бұл тұжырымдар зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және ғылыми тұрғыдан дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Талдау нәтижесінде қолданылған әдіснамалық негіздер нақты әрі ғылыми тұрғыда негізделген. Автор зерттеу объектісіне сәйкес сипаттамалы, салыстырмалы, типологиялық, семантикалық және статистикалық әдістерді бірізділікпен қолданған. Әр тарауда әдіс пен мақсаттың сәйкестігі сақталған, бұл — зерттеудің дәйектілігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия ;	
		2) жоқ.	

		Әдіснама таңдауында интернет-дискурстың ерекшеліктері ескеріліп, талдау бірліктері (посттар, пікірлер, эмодзи, гибрид құрылымдар) контекске негізделіп зерделенген. Сонымен қатар, автор корпустық лингвистика мен IT технологияларына бейімделген тәсілдер арқылы тілдік бірліктерді өңдеу әдістерін ұсынған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Жұмыста тілдік деректермен жұмыс істеудің дәстүрлі тәсілдерімен қатар, интернет-мәтіндерге бейімделген деректерді цифрлық өңдеу тәжірибесі қолданылған. Автор мәтіндерден алынған лексикалық бірліктерді контекстік және құрылымдық тұрғыдан сұрыптап, оларды жүйелеуде сандық өлшемдер мен жиілікке негізделген тәсілдер пайдаланған. Бұл тәсілдер виртуалды кеңістіктегі тілдік материалдың көлемін меңгеруге, оны ғылыми интерпретациялауға және салғастырмалы сипаттауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, зерттеудің ғылыми салмағы артып, талдаудың дәлдігі мен объективтілігі қамтамасыз етілген.
	1) ия;	
	2) жоқ.	

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Зерттеу жұмысы лингвистикалық сипатта құрылып, теориялық тұжырымдар кең көлемді тілдік материалдарды құрылымдық және прагматикалық тұрғыдан талдау арқылы негізделген. Автор жинақтаған эмпирикалық база тілдік жаңартпалардың ішкі заңдылықтары мен өзара байланыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияда ұсынылған модельдер мен жіктемелер нақты тілдік деректерге сүйеніп жасалып, ғылыми интерпретация арқылы дәйектелген. Осыған орай, зерттеу нәтижелері теориялық тұрғыда сенімді және ғылымилық талаптарына сай дәлелденген деп бағалауға болады.</p>
		<p>1) ия;</p>	
		<p>2) жоқ.</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен теориялық пайымдары заманауи лингвистикадағы сенімді ғылыми еңбектерге, сондай-ақ қазақ және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп берілген. Автор тілдік жаңартпалар, мультимодаль мәтіндер, эמודзи, гибрид құрылымдар және кодификация мәселелері бойынша отандық және халықаралық ғылыми әдебиеттерді кеңінен қолданған.</p>

			<p>Пайдаланылған дереккөздер жаңа, мазмұнды және зерттеу бағытына сәйкес. Теориялық пайымдаулар мен модельдер дәлелді түрде, сілтемелермен негізделіп ұсынылған. Бұл диссертацияның ғылыми тұжырымдарының сенімділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	<p>Жұмыста қамтылған әдебиеттер мазмұны жағынан өзекті, ал ауқымы зерттеу тақырыбы бойынша толыққанды талдау жасауға мүмкіндік береді. Теориялық негіздемелер мен ұстанымдар беделді отандық және халықаралық ғылыми еңбектерге сүйене отырып берілген.</p> <p>Автор қазақ тіл біліміндегі және әлемдік лингвистикадағы іргелі зерттеулер мен соңғы ғылыми жарияланымдарды тиімді үйлестіре отырып, зерттеу аясын кеңінен ашуға ұмтылған. Бұл жұмыстың ғылыми шолу деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның заманауи ғылыммен сабақтастығын көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысы виртуалды коммуникациядағы тілдік өзгерістерді қазіргі лингвистиканың теориялық негіздерімен сабақтастыра отырып, жаңа</p>

			<p>тұжырымдамалар мен ұғымдарды ғылыми айналымға енгізеді. Жаңартпалардың типологиясы, кодификация мен лексикография үдерістерінің өзара байланысы, тілдік норманың трансформациясы сияқты мәселелер теориялық тұрғыда алғаш рет қазақ тілі материалында жүйелі түрде қарастырылған.</p> <p>Жұмыста ұсынылған жіктемелер мен тұжырымдар тіл жүйесінің дамуындағы жаңа үрдістерді сипаттауға бағытталған және олар тіл нормасы, прагматика, семантика, дискурс теориясы сияқты салаларда іргелі зерттеулер жүргізуге теориялық база қалыптастырады. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарын айқындай түсетін маңызды ғылыми негіз ретінде қарастырылады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p>	<p>Зерттеу нәтижелерін қазақ тіліндегі интернет-мәтіндерді сараптау, неологизмдер сөздігін жасау, тілдік нормаларды жүйелеу, сондай-ақ IT шешімдер (жасанды интеллект негізіндегі сүзгілер, тілдік қосымшалар) дайындау барысында қолдануға болады. Әсіресе, қазіргі цифрлық кеңістікте мемлекеттік тілдің қолданысын арттыру, заманауи сөздік ресурстарды жасау,</p>
		<p>1) ия;</p>	
		<p>2) жоқ.</p>	

			виртуалды лексиканы кодификациялау салаларында үлкен практикалық мәнге ие
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеуде ұсынылған тілдік бірліктерді сұрыптау
		1) толығымен жаңа;	өлшемшарттары, кодификациялау қағидаттары мен лексикографиялық ұсыныстар практикалық қолдануға бейімделген. Жинақталған деректер мен жасалған жіктемелер қазақ тіліндегі интернет мәтіндерін өңдеу, тілдік нормаларды үйлестіру және жаңа сөздік түрлерін әзірлеу үдерісінде қолдануға жарамды.
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Алынған нәтижелер цифрлық платформаларда қазақ тілін қолдану мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ тілдік инновацияларды жүйелеу арқылы ресми және бейресми коммуникация құралдарын біріздендіруге септігін тигізеді.
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына сай орындалған. Жазу стилі бірізді, ғылыми терминология дәл және мақсатты қолданылған. Материал мазмұны логикалық құрылыммен берілген, әр бөлім өзара үйлесімді жалғасып, жалпы зерттеу бағытын нақты көрсетіп отырады. Терминологиялық жүйе мен анықтамалар қолдануда дәлдік
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			сақталған. Автордың ой тұжырымдары нақты, тілдік қателіктер кездеспейді. Сілтеме беру, дәйексөз келтіру және библиографиялық рәсімдеу халықаралық академиялық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс мазмұны мен орындалу деңгейі жағынан талапқа сай. Жекелеген тұстарда кейбір ұғымдарға нақтылау енгізілсе немесе кейбір бөлімдер арасындағы байланыс күшейтілсе, жұмыс құрылымы одан әрі айқындала түсер еді. Алайда бұл ескертулер жалпы ғылыми нәтижелердің сапасына әсер етпейді және жұмыстың жоғары деңгейде орындалғанын жоққа шығармайды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант диссертациялық тақырыбын зерттеу барысында 1 скопус базасындағы журналға 1 мақала, Б ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық журналда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда -9 мақала жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертация қорғау талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияның 11-ші бетінде көрсетілген.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D02320 – Лингвистика» мамандығы бойынша Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның «Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін
-----	---	--	---

Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның «Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге ұсынылады.

Ресми рецензент:

PhD, Кенжеғали Сағадиев атындағы
Халықаралық Бизнес Университеті



Исмаилова Ф.К